



## Инфляциялық күтүлөр


Мамыр 2023

- Күтілетін инфляцияның орташа бағасы біршама өсті
- Үш айлық құлдыраудан кейін тұтынушылардың көңіл күйі жақсарды
- Ауыл шаруашылығы саласынан басқа, нақты сектордағы кәсіпорындар өз өнімдерінің бағасы өсу түрғысынан бәсендейді деп күтеді

### Инфляциялық күтүлөр

Бағалар тез өседі деп күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы мамырда 25% дейін артты (2023 жылғы сәуірде – 23%). Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы<sup>1</sup> 17% (16,7%) дейін жоғарлады, қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы – 21,1% дейін (1-график).


1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %



Дереккөз: Халықта телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

2023 жылғы мамырда азық-түлік бағасының өсуін атап өткен респонденттердің үлесі төмендеді (77% дейін), ал азық-түлік емес тауарлардың қымбаттауын атап өткендердің үлесі аздал өсті. Тұстастай алғанда, көптеген позициялар бойынша бағаның өзгеруі өткен айға қарағанда респонденттердің аз бөлігімен байқалды. Респонденттер жанар-жағармай материалдарының (респонденттердің үлесі 18%-дан 21%-ға дейін өсті), сондай-ақ байланыс және жолаушылар көлігі қызметтерінің қымбаттағанын байқады (2-график).

**2-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер**




Дереккөз: Халықта телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

### Тұтынушылардың көңіл-күйі


Тұтынушылардың көңіл-күйі үш айлық төмендегеннен кейін жоғарылады. Тұтынушылардың көңіл-күй индексі 2023 жылғы мамырда 104,8 (2023 жылғы сәуірде – 102,9) болды. Өсу негізінен болашақ жағдайды бағалаудың байқалды. Атап айтқанда, елдің 5 жылдағы (10 тармақта) және келесі жылды (1,8 тармақта) даму болашағының өзгеруін бағалау айтартылғатай өсті. Бір жылдан кейін жеке қаржылық жағдайды бағалау да аздал өсті (3,7 тармақта).

Ағымдағы жағдайды бағалауда соңғы жылдағы жеке қаржылық жағдайды бағалау (2,5 тармақта) және ірі сатып алуға дайындық (3,3 тармақта) төмендеді.


**4-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі<sup>2</sup>**



**5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары**



**6-график. Күтупер бағалаулары**




Дереккөз: Халықта телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

### Кәсіпорындардың бағалық күтімдерінің баяулауы жалғасуда

2023 жылдың 1-тоқсанында сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың дайын өнімдеріне бағаның өсу қарқынының баяулауы жалпы экономика бойынша да, салалар бойынша да жалғасты. 2023 жылдың 2-тоқсанында кәсіпорындар жалпы бағаның өсу қарқынының одан әрі баяулауын күтуде, ал ауыл шаруашылығында, көрініште, бағаның өсу қарқынының жеделдеуі күтілуде (6- график).

**График 6. Кәсіпорындардың дайын өнім бағасының өзгеру динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>**




Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк

Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

\*2023 жылдың 2-тоқсанына кәсіпорындардың күтүлөрі берілген

Кәсіпорындардың басым көпшілігі үшін дайын өнімнің бағасын белгілеудегі ең маңызды фактор шикізат пен материалдардың бағасы (кәсіпорындардың 83,9% үшін), сұраныс (82,0%) және еңбек шығындары (71,5%) болып табылады. Кәсіпорындар шикізат пен материалдарға және импортталатын өнімдерге бағаның өсу қарқынының баяулауы жалғасуда деп есептейді. Сонымен қатар, кәсіпорындар дайын өніміне сұраныстың артқанын атап өтті және 2023 жылдың 2-тоқсанында үрдістің жалғасуын күтүде (7- графік).

**График 7. Кәсіпорындардың дайын өніміне бағаны белгілеу факторларының динамикасы, диффузиялық индекс<sup>3</sup>**



Дереккөз: Нақты сектор кәсіпорындарының мониторинг нәтижелері, Ұлттық Банк

Кәсіпорындарға сауалнама тоқсан сайын жүргізіледі

\*2023 жылдың 2-тоқсанына кәсіпорындардың күтүлөрі берілген

## ЕСКЕРТПЕЛЕР

---

**1** 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы саяулама нәтижелеріне елдегі қаңтар оқиғасы әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті  
Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншалықты өседі?»

**2** Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100-ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді

З Диффузиялық индекс (ci) оң жауаптардың қосындысы және жауаптардың жартысы өзгеріссіз есептеледі. ДИ-қарастырылып отырған көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор. 50 деңгейден жоғары мән өсуді, 50 деңгейден төмен түсуді білдіреді. Бұл мән 50 деңгейден неғұрлым алыс (жоғары немесе төмен) болса, индикатордың өзгеру (жоғарылау немесе төмендеу) қарқыны соғұрлым жоғары болады. Респонденттер саны: З 366 кәсіпорын. Маусымдық тазартылған деректер. Кәсіпорындар сұраққа жауап берді: "Сіздің кәсіпорынның дайын өнімінің сату бағасы қалай өзгерді/өзгереді?"